

А.И. Сейтимова*, Е.Е. Түйте, Б.А. Қалиев

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: sejtimova_a@mail.ru, eldos_t_e@mail.ru, Kaliyev-69@mail.ru)

Қазақтың құсбегілік лексикасы

Мақалада құсбегілік кәсібінде пайдаланатын жыртқыш құс атауларына қатысты сөздердің тура және ауыс мағынадағы қолданысы, олардың жасалу жолдары сөз болған. Тілімізде жыртқыш құстарды қолға үйретуден қалыптасқан, орныққан тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, эпитет, теңеулер жеткілікті. Жыртқыш құс атауларына қатысты мақал-мәтелдердің тақырыптық жағынан жіктелуі, олардың көбіне елдік, ерлік, бірлік, ар-ұят мәселесіне қатысты болып келетіндігі көрсетіледі. Фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек ретінде келетін тұрақты тіркестердің тіліміздегі қолданысы, олардың құрылымдық ерекшеліктері, сөздік қорымызды байытудағы орны сөз етіледі. Бұған қоса жыртқыш құс атауларына қатысты сөздердің тілдік нормаға айналып, бір жүйеге келіп орнығуы, қыран құстардың символдық қасиетке ие болып, авторлық қолданыстан орын алуы, стильдік қызметі, қолданылу аясы бастапқы кезде тура мағынадан немесе белгілі бір авторлық қолданыстан туып, уақыт өте келе түрлі тілдік амал-тәсілдермен ауыс мағынада қолданылуы, грамматикалық жағынан тұрақталып, сөйлеуші тілінің көркемдегіш құралына айналып отыруы баяндалады. Көркем шығарма мысалдары арқылы қандай мақсатта қолданылып тұрғандығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: жыртқыш құстар, бүркіт, сұңқар, ителгі, құсбегілік, қазақ, көшпелі, мақал-мәтел, фразеологизм, ұғым, ауыспалы мағына, символ, эпитет, теңеу.

Kipicne

«Құс жетім — ерте түлек салынбаса, Салатын саятшысы табылмаса» – деп, Ақан сері айтқандай, түркі халықтары, соның ішінде құсбегілікті дәстүрге айналдырған қазақ халқының да бұл кәсіпті игеруі ертеден-ақ атадан балаға мұра ретінде беріліп, бүгінде жалғасын тауып келеді. Табиғатқа етене жақын болған ата-бабаларымыз ертеден жыртқыш құстарды қолға үйретіп, өзінің күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналдырған. Аң аулап, саят құрудың нәтижесінде осыған қатысты сан алуан түсініктер мен ұғымдарды қалыптастырды. Себебі кез келген халықтың сөз байлығы өзін қоршап жатқан объективті болмыс әсерінен туындайды, сөйтіп әлем бейнесінің тілдік көрінісі жасалады. Жыртқыш құстарға байланысты атаулар тіліміздің морфологиялық формалары арқылы түрленіп, сөзжасамдық тәсілдері мен тілдің көркемдегіш құралдары негізінде жаңа ұғымдарды туғызған. Осындай қолданыстарды біз тілдік қарым-қатынаста, көркем шығармада пайдаланамыз, сөз байлығының бір көрінісіне айналған. Көбіне адамдардың қайтпас қайсарлығын, ержүрек батырлығын сипаттағанда ауыспалы мағынада осы жыртқыш құс атауларымен, іс-әрекетінен туындаған қимылдарымен суреттеп жатамыз.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Құсбегілікпен айналысып, бұл кәсіптің қызығына батпаған көшпелі халықтар кемде-кем шығар. Тіпті бұл кәсіппен сонау V-VIII ғасырдағы өмір сүрген ата-бабаларымыз түркілердің айналысуын қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен, аңыз-әңгімелерден, сондай-ақ түрлі сөздіктерден, атап айтқанда, М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк», В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб., 1905), С.Е. Маловтың «Древнетюркский словарь» (Л., 1969) т.б. еңбектерден байқаймыз. Қазақ тілінде жыртқыш құс атауларының тілдік табиғатына немесе құсбегілік кәсібіне қатысты жазылған лингвистикалық еңбектер көп емес. Осы жұмысымызда «Қазақ мақал-мәтелдері», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Құстар тіршілігі» т.б. тақырыпқа қатысты еңбектерді пайдалана отырып, құсбегілік саласындағы жыртқыш құстарға қатысты мақал-мәтелдердің тақырыптық аясы, тұрақты тіркестердің қалыптасуы, осыған қатысты пайда болған басқа да тілдік қолданыстардың мағынасын ашуға, көркем шығармадағы қолданысын көрсетуге талпыныс жасалды. Сонымен қатар кейбір көркем әдебиеттер де пайдаланылды. Жалпы тіл білімінде құс атауларына байланысты көптеген салғастырмалы зерттеулер жүргізілген (Н.Ю. Костина, К.А. Сахибуллина, М.В. Кутьева, О.Б. Симакова, т.б.), кітаптар жазылған (Ж. Бабалықов, А. Тұрдыбаев, Ә. Марғұлан, Е. Раушанов), ғылыми мақалалар (Kamil Önal, Serkan Köse, Б.М. Сүйерқұл, Н.Н. Бигелдиева,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sejtimova_a@mail.ru

А.Е. Болыс, т.б.) жарық көрген. Алайда құс атаулары жүйесі бөлек тілдер материалында көбірек қарастырылған, ал салыстырмалы тарихи аспектіде жүргізілген зерттеулер әзірге аз екен.

Р. Әлімбаев пен Ж. Төреходжаевтың «Құстар тіршілігі» еңбегінде құсбегілік кәсібінің адамзат баласының тарихында алатын орны, кімдердің бұл кәсіпке ден қойғандығы жан-жақты баяндалады. «Құспен аң аулаудың мәнісі — саятшы адам аңды өзі атып алмай, әдейі үйретілген, еті қатқан, бапталған қыран құспен алдырады. Аңды құспен ілдіру мылтықпен не басқадай әдіспен аулаудан гөрі өнімді келеді. Құспен аң аулау әр жерде әр түрлі болған. Оның себебін географиялық жағдаймен байланыстыруға болады. Мәселен, Орта Азияда бүркіт және ителгімен, Қара теңіз жағалауында қырғимен, Түркменстанда ителгімен, Батыс Еуропада лашын, қаршығамен, Ресейде сұңқармен, ал біздің ежелгі қазақтар бүркіт, қаршыға, ителгі және тұйғын сияқты жыртқыш құстармен аң аулаған. XVII-XVIII ғасырларда Ресейде жас жыртқыш құстарды ұстау тәсілдерін үйрету, оларды қолда бағып баптау, аңға салу әдістерін үйрету жөнінде кәсіптік аң аулау шаруашылықтарында арнаулы бөлімдер құрылған.

Жаксы үйретілген, тәжірбиелі, аңға түсетін құстар сол кезде өте қымбат бағаланған. Мысалы, герцог Бургундскийдің түріктерге тұтқынға түскен баласын 12 ақсұңқар беріп қайырып алғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Тіпті осы ғасырдың бас кезінде Түркменияда ителгінің бағасы бір түйенің құнына бара-бар болған» [1, 100]. Саятшылық дәстүрі бұл да — «сегіз қырлы, бір сырлы» адамның өнері. Екіншісі бұл кәсіппен шұғылданбаған. Тек табиғаттың сырын тереңінен түсінетін, икемді әрі төзімді, ержүрек адамдар ғана айналысқан. «Қазақ қоғамында қыран құстармен аң аулау ерекше орын алған. «Құсбегі» атанған адамдар қоғамда әлеуметтік тұрғыдан аталып, өзіндік статус иеленді. Қыран құстармен аң аулау әрбір әлеуметтік топ үшін өзіндік мақсатқа ие болды. Негізінен үлкен шығын мен қаражатты талап ететін бұл түр ауқаттылар үшін сейіл, серуен және демалыс түрінде орын алды. Қарапайым қазақтардың қыран құспен аң аулауы аз кездесті» [2, 52]. Біздің зерттеу жұмысымызда баяндау, сипаттау, лексика-семантикалық, ғылыми талдаулардың лингвокогнитивтік, этнолингвистикалық әдістері қолданылды.

Нәтиже және оның талқылануы

Халқымыздың ертеден-ақ жыртқыш құстарды қолға үйретіп, серуен құрып, саятшылық жасағаны тарихи ақиқат. Кез келген халықтың тіл байлығы танымына, мәдениетіне, өзін қоршаған орта жағдайына, айналысқан кәсібі мен шаруашылығына, бастан кешкен түрлі жағдайына т.с.с. қатысты қалыптасады. Бір кереметтілігі — жерімізде кездесетін әрбір жыртқыш құстардың қоректенуіне, мінез-құлқына, дене пішініне және т.б. тіршілік ету жағдайына байланысты дәл ат қоя білген. «Құсты қолға үйрету, құс арқылы аң аулау — түркі тектес халықтарда кездесетін ерекше дүние десек те болады. Құсты тану, оны мәпелеу, оны ұғу, керек болған жағдайда емдеу, әркімнің қолынан келе бермейтін ерен еңбек. Мәселен, қыран бүркітті баптау үшін, оның алдымен мінез-құлқын, жан-дүниесін зерттеу қажет. Содан кейін ғана оны күту, баптау, түлету, үйрету жолдары жасалады. Сыр-сипатына, жасына қарай құстарға ат қойған, әбзел-жабдықтарын атаған, сөйтіп, тілімізде құсбегі атауларына қатысты, термин сөздер, диалект сөздер, фразеологизмдер, кәсіби сөздер пайда болған» [3, 215]. Осылай көшпелілер, оның ішінде халқымыз жыртқыш құстарға және оларды қолға үйретуге қатысты түрлі тілдік бірліктерді қалыптастырды. Біз жұмысымызда мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, түрлі көркемдегіш тәсілдер арқылы жасалған сөздердің қолданысын сөз етеміз. Енді осыларға тоқталсақ.

Жыртқыш құстарға қатысты мақал-мәтелдер. Жыртқыш құс атауларына қатысты жасалған мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары әр алуан. Көбіне елдік, ерлік, бірлік, ар-ұят мәселесіне қатысты болып келеді. Мысалы:

Елдік мәселесіне байланысты: «Тұғырына саңғыған сұңқар қонбас, үйірінен адасқан тұлпар оңбас», «Сұңқар қиясын сағынады, торғай ұясын сағынады», «Құс балапаны үшін тозаққа түседі», «Ақсұңқар туар жем үшін, ер жігіт туар ел үшін» т.б.

Ерлік-батырлық туралы: «Қиядағы қызыл түлкіні қияннан соққан бүркіт алады», «Қыран қияда түлеп, қияда өседі», «Қыран құстың баласы ұшса келмес ұяға», «Құс патшасы — бүркіт...», «Құс төресі — бидайық, ит төресі — құмайық», «Ақсұңқар қаққызбай іледі», «Бүркіт саңқылдаса, киік күйбектейді», «Қыран жүйрік пе, Қиял жүйрік пе», «Қас сұңқардың баласы шыңнан тоят тілейді, қас тұлпардың баласы, шапқан сайын үдейді» т.б.

Бірлік, ел билеу ісі туралы: «Топтанып ұшқан торғайға тұрымтай да бата алмас», «Қыранды қырғи қолдайды», «Басына тұрымтайдың бақыт қонса, самұрық қызмет етер панасында», «Құс қосағымен ұя салады» т.б.

Жақсы, жаман қасиеттерге байланысты: «Қыраннан қыран туады, жыланнан жылан туады», «Жондағы екі құстан, қолдағы бір құс артық», «Сұңқар самғауынан белгілі, жапалақ жалбаңынан белгілі», «Жақсы құсқа жаман құс баппен ғана теңелер», «Жапалақты мақтасаң да, сұңқар болмас», «Ерте оянған құс тойып алып тұмсығын сүртеді, кеш оянған құс көзінің былшығын сүртеді», «Аптыққан сұңқар аң ілмес», «Күйкентайдың күйін тапсаң — сұңқардай» т.б.

Ар-ұят, намысқа байланысты: «Аспандағы құсты жердегі жем ұятқа қалдырады», «Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем болар», «Сұңқар масаға сұқтанбас т.б.

Ақыл, білім, мақсатқа байланысты: «Қиядағыны қыран ғана көреді, ұядағыны жылан ғана көреді», «Құс жеткен жеріне қонар», «Құстың сәні — қос қанаты, қос қанаты сенері», «Ойланып алмай құс та ұшпас», «Әуелі қанаттан, самғауға сосын талаптан», «Құс қосағымен ұя салады», «Жыртқыш құстың ғұмыры қысқа», «Торғайдың тұзағына лашын түспес» т.б.

Отанға, жерге байланысты: «Сұңқар орманға тартар, тұлпар қорғанға тартар», «Қыран көкті құшады, теңіз іздеп ұшады», «Туған елің — қыраның қалқып ұшқан, Туған жерің — тұғырың келіп қонған» т.б.

Жас ерекшелікке байланысты: «Бағың асқан шағында — құзғын салсаң қаз ілер, бағың тайған шағында — түйғын салсаң аз ілер», «Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт парлап ұшады» т.б. [4].

Мақал-мәтелдерден бөлек, грамматикалық байланысы жағынан бір-бірінен ажыратуға келмейтін бір бүтін единица болып қолданылатын тілімізге әбден орнығып, сіңісті болып кеткен жыртқыш құс атауларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестерде бар. Олардың тілімізде саны да, сапасы да жеткілікті, яғни бұл сөздік қорымыздың байлығын көрсетеді. Тілімізде қолданып жүрген жыртқыш құс атауларынан өрбитін сан түрлі фразеологизмдердің дүниеге келуіне құстардың сан алуан іс-әрекеттері себеп болған. Жыртқыш құс атауларына байланысты тұрақты тіркестердің пайда болуы түркі, оның ішінде қазақ халқы құсбегілік кәсіппен айналыса бастағаннан бастап қалыптасты. Уақыт өте келе сол құс атауларына қатысты сөздердің тілдік нормаға айналып, бір жүйеге келіп орнығуынан, қыран құстардың символдық қасиетке ие болып, авторлық қолданыстан орын ала бастағаннан келіп шығады. Осыған байланысты қазақ тілінде (түркі тілінен бері) бір ғана құс атаулыға, соның ішінде, жыртқыш құстарға (атауларына, қимылына, өжеттілігіне т.б.) байланысты тұрақты тіркестердің сөздік қорымызды байытудағы орны ерекше, сонымен қатар басқа тілдермен салыстырғанда, төл тіліміздің өзгешелігі — жыртқыш құс атаулыға байланысты туған фразеологизмдердің әдеби қолданысы айрықша. Олардың стильдік қызметі (экспрессивті-эмоционалды бояуы), қолданылу аясы бас-тапқы кезде тура мағынадан немесе белгілі бір авторлық қолданыстан туып, уақыт өте келе ауыс мағынаға өтіп, грамматикалық (кұрамы, құрылысы) жағынан тұрақталып, сөйлеуші тілінің көркемдегіш құралына айналып отырған. Құс салып, саятшылық құру өнері құс жайы поэзиясында көп жырланып, көптеген айшықты сөз келісімдерін жасаған. Мысалы:

*1. Түйғын құстай алыстан,
Тоят тілер деуші едім.
Бунағы алтын беліне
Семсер ілер деуші едім. Немесе:*

2. «Асаубай Саққұлақпен аталас, екеуі де тірі тұрып төбелерінен құс ұшырмайтын қызыл тілдің майталманы, Саққұлақ туысқаны үшін қаны қайнап, Шыңғыспен шек-қарыны аралас Құнанбайға кеп салмақ салған» (Р. Тоқтаров «Абайдың жұмбағы»).

Жоғарыдағы бірінші мысалда ақынның *алыстан тоят тілеу* тұрақты тіркесі нағыз батыр жауын алыстан мұқатады дегенді білдірсе, екінші мысалдағы жазушының *төбесінен құс ұшырмау* дегені ешкімге дес бермейтін, былайша айтқанда, «ауыздыға сөз, тұяқтыға жол бермейтін» дегеннің баламасы ретінде ауыс мағынада келіп, сөйлемге көркемдегіш сипат беріп тұр.

Тіл білімі ғылымында фразеологизмдерді біртұтас мағынасы мен құрамындағы компоненттерінің ара-қатынасына қарай жіктеп бөлуде, қазақ тілші ғалымдары В.В. Виноградовтың классификациясына сүйенген [5, 183]. Қазақ тілі фразеологизмдері фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып үш топқа бөлінеді. Ал орыс ғалымы Н.М. Шанский мен В.В. Иванов фразеологизмдерді семантикасына қарай (фразеологические сращения, фразеологические единства, фразеологические сочетания және фразеологические выражения) төртке бөледі [6,

75]. Жалпы біз, құс атаулыға байланысты тұрақты сөз тіркестерін жоғарыдағы көрсетілген жіктеулерге сүйене отырып, мына секілді бағытта топтастырып көрсеткіміз келеді:

1. Фразеологиялық тұтастық. Құрамындағы компоненттері бір-бірімен әбден жымысып, ажыра-туға келмейтін тұрақты тіркестер. Бұл тұрақты тіркесті құраған сыңарлар бір-бірімен мағыналық жағынан жуыспай, өзара алшақ тұрады: *қыран-топан күлді, қыран жапқандай күлді, ала қанат қар* — ақ таңдақ жер, ала-кұла еріген жер, *тілімен құс ұстаған* — тәтті сөз, шығарып салма әңгіме мағынасында немесе жүйрік, тұлпар, *сайып қыран, аузымен құс тістеген* т.б. Мысалы: «Қыз сөзін назар сала тыңдай қалған Ақан:

– Жақсы айттың-ау, Тоқтым, – деп тағы қайталап, ат үстіндегі жабуға қызыға, тойымсыз көзбен күлімсірей қарап тұрдыда, тебіреніп кетті:

– *Ауызымен құс тістеген* дүлдүлім, қаз мойныңды тағы иіп, мөлдіреген миаудай, төңкерілген тостағандай көзіңмен, Сарыарқаның самал желіп, алтын күні аялаған етек жеңі кең көсілген сағым сары беліндей, шашағымен жер сипаған үстіндегі жабуыңа тағы, тағы қарашы...» (С. Жүнісов «Ақан сері»).

2. Фразеологиялық бірлік. Бұлар да орын тәртібі жағынан өте тиянақты келеді. Бұлардың жасалуына алғашқы еркін тіркесті мағынасы тікелей әсер еткен. Содан уақыт өте келе, мұндай тіркестер ауыс мағынада қолданылған: *жем басардан айырылды* — тегеуріні қайтты, күш-қуаты азайды, *тегеуріні батты* — соққысы қатты тиді, *ителгідей жұтынды* — сақтану, *құладың ұшпас дала* — мекенсіз жапан түз, сор дала, т.б. Мысалы: «Сондағы шұбырған даласы осынау жатқан, бір кезде құлан жортпас, *құладың ұшпас дала*, шөл дала атанған Балқаш пен Алатаудың арасы еді» (Ә. Әбішев «Найзағай»).

3. Фразеологиялық тізбек. Бұл да өзінің алғашқы мағынасынан алшақ жете қоймаған, ауыс мағынадағы сөз тіркестері. Бұл тұрақты тіркестің ерекшелігі құрам сыңарларының ішкі мағына жағынан бір-біріне ұқсас болып, сәйкес келуінде. Мысалы, *мұз балақ. Қыран құс* — бүркіт, сұңқар, қаршыға тектес жыртқыш құстардың қырымнан шалар қырағылығын, қиыннан ілер алымын білдіретін ортақ аты; ауыс мағынада: алғыр, батыр, ержүрек), *қас қыран* — шын қыран, нағыз қыран, *томаға тұйық* — томсарып, көпшіліктен шеттеп жүретін, сөзге араласпайтын кісі немесе ешкіммен байланысы жоқ, өзімен-өзі, *қаршыға көз(ді)* — өткір, жанарлы т.б. [7]. Мысалы: «Маңдайы кере қарыс, *қаршыға көз*, әсем жіңішке, қою мұртты жүзі желге тотыққан қара торы жігітке қараған үлкен, сұлу көзінде албырттық та, мұң да бар» (С. Жүнісов «Ақан сері»).

Құс атаулыға байланысты фразеологизмдердің структуралық, яғни құрылымы-құрылысы жағынан бөлуде біраз ерекшеліктер бар. Олар: бірі — тіркес, екіншісі — сөйлемшелер ретінде келу қасиеті. Мысалы:

1. Тіркес ретінде келетін құс атаулыға байланысты фразеологизмдердің морфологиялық, яғни құрылымдарының жасалуында көбінесе зат есімдер мен сын есімдердің атқаратын рөлі ерекше: *ұзақ сонар, бақыт құсы, ала қанат қар, ақ жем, қас қыран, мұз балақ, қыран құс* т.б. Мысалы: «Көз жанары онша таймағанмен, бұрынғы саңқылдаған тап-таза ашық, *сұңқар даусы жарықшақтанып, тамағында үнемі кесе көлденең бірдеме тұрғандай жұтына беретін би, осы жолы да қайта-қайта жөткерініп, қарлыққан үнмен ұзақ сонарға түсіп сөйлей кетті*» (С. Жүнісов «Ақан сері»).

2. Ал сөйлемше ретінде келетін фразеологизмдердің жасалуына басты негіз болатын сөз табы — етістіктер. Мысалы: *қыран жапқандай қылды, тырнағынан шыға алмады, жем басардан айырылды, басынан құс ұшырмады, тегеуріні батты, алыстан тоят тіледі, ителгідей жұтынды*, т.б. Көбінесе бұлардың сөйлем ішінде (контексте) атқаратын қызметі — үстеулік қызмет. Мысалы: «Зарлық бала ойнайды, Арыстандай құлпырып, *Ителгідей жұтынып*» [7].

Фразеологизмдердің стильдік қызмет үшін де маңызы өте зор. Осындай құс атаулыға байланысты тұрақты тіркестердің тіліміздегі қолданысы бейнелік құрылысы жағынан тыңдаушыны, я болмаса оқырман қауымды эстетикалық ләззатқа, отанды сүюге (патриотизмге), ерлікке т.б. тәрбиелей отырып, олардың сөздік қорын молайтады, тілін көркемдейді. Мысалы: «Ауық-ауық артына қарайды — көрсем деп көксейтіні де, көкsegіне жеткендей қызыға көретіні де — өзіне жер шарының күмбезіндей көрінетін Қарқаралының шынарлы шыңы. Ол алыстаған сайын сұлуланып біресе бүркіттің томағасына, біресе батырлардың дулығасына ұқсайды екен. Қиялы қанат қағып сол тауға қарай ала жөнеледі» (Ә. Әбішев «Найзағай») — дегендегі қиялы қанат қағу, немесе «Баланың ой қанаты тауға да, тасқа да соғып тұрған ендігі қасірет осы» (Ә. Әбішев «Найзағай») — дегендегі ой қанаты тұрақты тіркестері қиял немесе ойдың құс сияқты ұшқырлығын бейнелік түрде көркемдеп, әсерлеп жеткізіп тұр.

Фразеологизмдер қатарына идиома, фраза, мақал-мәтелдер жататыны белгілі [8, 81]. Осының ішінде мақал-мәтелдердің фразеологизмдерге қатысының ерекшеліктері бар. Негізінен, тұрақты сөз тіркестерге мақалдан гөрі мәтелдер жақынырақ келеді. Себебі фразеологизмдер мәтелдер сияқты бір ұғымды (құбылысты) нақты айтпай, тұспалдап, жанамалап, мензеп айтады. Мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркестері сияқты қолдану барысында контексте тұтастай даяр, сол қалпында жұмсалады. Мысалы: *«Бірақ Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықтының ішінде. «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады». Сол қанаты мен құйрығы ел ішінде өзі тұтас ру басылар. Осы Байсал, Бөжсейлер» (М. Әуезов «Абай жолы»).* Немесе:

«Кезекті енді Қотан жырау алды:

– Құс ұша түзеледі, бетің жаңа жөнделді, Қазтуғаным, – деді ол, сен бастаған әуендімен ұлғайта түсейін...» (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Бұл жердегі «құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» және «құс ұша түзеледі» деген мәтелдерден біз, белгілі бір тұтастықты, автор қолданысындағы көркемдегіш құралдың бейнелегіш сипаттағы мәнін аңғарамыз. Автордың қолданысында «құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» немесе «құс ұша түзеледі» дегені контексте құстың ұшуы, я болмаса қонуы жайында емес, ауыспалы мағынада белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін, оқырман қауымның жан дүниесіне эстетикалық тұрғыдан әсер ету үшін көркемдегіш құрал ретінде қолданып тұр.

Тіліміздегі басқа да сөз тіркестері сияқты құс атаулыға байланысты фразеологизмдер де моносемиялы және полисемиялы болып келеді. Моносемиялы фразеологизмдер бір ғана мағынаға ие болса, ал полисемиялы фразеологизмдер көп мағыналы болып келеді. Мысалы:

Ақжем —

1. Қанын суға сорғызған ет (Құсбегі құсына етті ақ жем етіп береді) [9].
2. Су сорып, ағарып кеткен (Балтыры ақ жем балықшы, Қайықшы Қалтай не күйде) [9].

Ақ сұңқар —

1. Қыран құс.
2. Ер-азамат баламасы.

Қанды балақ —

1. Зорлықшыл, озбыр адам туралы айтылады.
2. Қыран құс (Қыран құс бүркіті тұғырда жұтынып отыр екен).

Қандыкөз —

1. Қыран құс туралы айтылады (Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда, «Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар» – деп, қанды көзі қайқаң қағып шықса аспанға) (Абай).
2. Қара ниет, зорлық-зомбылық [9].

Жыртқыш құс атауларының стильдік, ауыс мағынадағы қолданысын сөз еткенде, ең алдымен жыртқыш құстардың іс-әрекетіне байланысты туған ұғымдарға түсініктеме беріп кету керек. Қыран құстардан аңшылықта көбіне бүркіт, сұңқар, қаршыға мен қырғи сияқты құстар ұстаған. Салтанатқа атақты сұңқар ұстаған; қаршығаны қаз-үйрек, дуадақ сияқты құстарға; қырғиды көбіне бөдене секілді тік ұшатын құстарға; бүркітті түлкі, қоян қасқырға салып отырған. Іс-әрекетіне орай, көбіне тұйғын мен сұңқар ұша бергенде сыпыра қағып түсуге, көтеріліп кеткен құсты қуа жетіп, іліп түсуге бейім болса, лашын мен ителгі — қуған құсының үстіне шығып-ап биіктен теуіп, басынан бүруге ыңғайлы. Ал қаршыға жер бауырлап ұрлана ұшады да, олжасының астына тұспа-тұс жетіп-ап, жарқ етіп бірақ көтеріліп, үйрек немесе қаздың жемсауына жармасады [3, 102]. Міне, осындай аң мен құс аулаудағы қасиеттеріне орай, тілімізде ауыспалы әдеби ұғымдар пайда болған. Яғни, қыран құстарды әрекетіне, мінезіне, бітіміне қарай бөліп, олар туралы халқымыз көптеген ұғымдар туғызған. Мысалы, бүркітті алғырлығына қоса, құдірет күш иесі, сұңқарды салтанатқа, атаққа ұстап, бекзадалықтың, паңдықтың, өрліктің, сұлулықтың баламасы ретінде атаса, қаршығаны, қырғиды шапшаңдылықтың, ішкі уыттың молдығын білдіретін балама, яғни символ ретінде қолданған. «Жаратылысынан табиғатпен етене жақын қазақ құс тәңірісі — бүркітті қолға үйрету арқылы жастардың бойына қайсарлық, сезімталдық, жүректілік, қырағылық, сабырлық қасиеттерін сіңірген» [10, 85]. Оған дәлел ретінде мына бір өлеңнен үзінді келтірелік:

*Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас,
Бидайықтан алғыр құс болмас,
Бұйырмаса екеу түгіл, бірді алмас,
Сұңқардан сұлу құс болмас,
Қауырсыны қатпай өш алмас.*

Демек, бұдан шығатын қорытынды, тіліміздегі құс атауларына байланысты кездесетін сөз тіркестерінің ара-жігін, мағынасын ашуда стильдік қолданыстың маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн. Мұндай тіркестерді сөйлем ішінде қолдану — ол, біріншіден, автордың құсбегілік кәсібі жайында хабары бар екендігін танытса, екіншіден, сол сөйлемге экспрессивті-эмоционалды реңк үстейді. Мысалы: *«Саққұлақ шешеннің:*

– *Сейтен мен Тайжан туралы не ой түйдің? – деп қасақана бүйірден қосқан сұрағына:*

– *Екеуі де теңдесі жоқ сұңқар азаматтар екен. Жан ашуларында өлімге бас тіккен шын қаһармандық белгісі тұр. Аңғалдықпен құрулы торға өздері кеп түскені өкінішті екен, – деді» (Р. Тоқтаров «Абайдың жұмбағы»).* Немесе: *«Үстіне қаршығадай қонып отырған Гүлия сол қырбақталып көз қызықтырар даладан өзге дүниені көріп те, сезіп те келе жатқан жоқ» (О. Бөкеев «Өз отынды өшірме»).*

Бірінші мысалдағы Сейтен мен Байжанды сипаттауда автор сұңқарды негізге ала отырып, екі азаматтың бойына сұңқарға тән қасиетті сиғызып тұр. Егерде сұңқардың орнына екінші мысалдағы қаршығаны қойсақ, ол образды ашуда әлдеқайда болар еді. Демек сұңқардың экспрессивтілік сипаты қаршығаға қарағанда әлдеқайда күштірек. Ал екінші мысалдағы Гүлияны суреттегенде оны сұңқарға я болмаса қырғиға теңеуде, Гүлияның образы санаға қонымсыз, күлкілі шығар еді. Демек Гүлияның образын ашудағы «қаршыға» жоғарыда көрсеткеніміздей (дуадақ, қаз-үйрек, т.б. ұсақ құстарды ұстау тарапынан) нәзіктіктің баламасы ретінде алынып, сөйлемде орынды қолданылып тұр.

Жыртқыш құс атауларының ауыс мағыналарының берілу жолдары әсіресе, құбылтудың әр түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асады. Яғни тура мағынадан ауыс мағынаға ауысып, образды ашуда бұл тәсілдердің тілімізде алар орны ерекше.

1. Метафоралық тәсіл. Бұл тәсіл көбінесе ауыстырудан туындап, тура мағынадағы сөздің семантикасынан алшақ кетпей, айтылар ойдың экспрессивтігін күшейтеді. Мысалы: *«Мұны сезген Қылышбай етекпен сақалын саулалап, жөткірінді де бір-екі ырғалып, қомданып алды. Бұл — сөйлер кездегі ежелгі әдеті. Қайраты қайтып, қуаты кемісе де кәрі бүркіт әлі де бір қайқайтып соғар әлеуеті барын осы арада бір көрсеткісі келді» (С. Жүнісов «Ақан сері»).*

2. Теңеулер арқылы. Жыртқыш құстарды теңеулер арқылы образдау көркем шығарманың поэтикалық құндылығын арттырады. Мысалы, теңеулер арқылы жасалған құс атауларына байланысты сөздердің немесе сөз тіркестерінің жасалу тәсілдері мен жолдары төмендегідей:

1) Синтетикалық тәсіл:

а) *-дай, (-дей)* жұрнағының сөз соңына жалғанып, бір затты не құбылысты басқа затпен теңеу арқылы жасалады. Мысалы: *«Рәшида қанатын қомдап, ұшуға ыңғайланған лашындай, қолға қонатын емес, елпілдеп ұшып жүр» (З. Ақышев «Жаяу Мұса»).*

ә) *-ше* жұрнағы арқылы жасалады: *«Шекер мойнын ит ала қаздың айғырындай созып, бүркітше түйіліп, бурадай шабынып: «Болмайды дегені не?»... (Ж. Аймауытов. Шығармалары).*

2) Аналитикалық тәсіл:

а) *сияқты, тәрізді, бастанып* сөздерінің тіркесіп келуі арқылы. Мысалы: *«Мысқылышыл, әзіл-күлкісі бірде-бір тыйылмайтын Жиренше түлкімен ойнаған бүркіт сияқты. Ақырын бір алла біледі, – деп қаз көрген қаршыға бастанып, мойнын қылқан еткізді» (М. Әуезов «Абай жолы»).*

Сонымен қатар тілімізде эпитеттің де көркем образ жасауда өзіндік мәні зор: қаршыға көз, сұңқар дауысты, сұңқар азамат т.б. Мысалы: *Маңдайы кере қарыс, қаршыға көз, әсем жіңішке, қою мұртты желге тотыққан қара торы жігітке қараған үлкен, сұлу көзінде албырттық та, мұңда бар...* Осындағы қаршыға көз дегеніміз — өткірлі, жанарлы көз, демек образды суреттеуде сөйлем ішінде доминанттық қызмет атқарып тұр [11, 58].

Жыртқыш құс атауларының стильдік қызметін сөз еткенде, қаламгердің өзіндік қолданыстарына да тоқтала кеткен жөн. Қазақтар қыран құстарды өздеріне кие тұтып, қасиетті санап отырған. Осыған байланысты тілімізде бірнеше ұғым, түсініктер пайда болған. Осындай ұғым түсініктерді жекелеген авторлар өздерінің төл шығармаларында орында қолданып, айтар ойынын стильдік бояуын арттырып, нақтылай білген және қыран құстарды кие тұтып, қасиет санаған. Мысалы:

«...Астындағы ақбоз тұлпарының тоқпақтай кекілінің үстіне көне заман гүрпымен «бақ құсы» — аппақ сүттей тұрымтайды отырғызып алған. Егер тұрымтай жау көргенде қорқып ұшып кетпесе, батырдың жолының оң болары хақ. Ал жау қарасын көргенде тұрымтай қаша жөнелсе, онда батырға бұл айқас қауіпті. Бақсы-балгерлер заманында жаман ырымнан сескеніп батырлар атының басын кейін бұрады» (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Демек, жоғарыдағы мысалдан шығатын қорытынды «тұрымтай» бұл тек жыртқыш құстың рөлін атқарып қоймай, тілімізде эвфемизмді туғызуда

маңызы зор. Яғни жаугершілік замандағы батырлардың түсінігінде «тұрымтай» бақ әкелетін құс болып есептелінген. Осыған ұқсас, қазақтар теңге алу дәстүрін жорамалдап қыран құстармен байланыстырғанын төмендегі көркем шығармадағы мысалдан байқауымызға болады:

« – Көргенім, өзім де талай құлағам да, талай ілгенмін, қазақтар осыны қайдан үйренді екен?

– Оны мен де білмеймін, сірә, қыран бүркіттен үйренген болар.

– Жерде жатқан жемді құстың бәрі де іліп әкете береді ғой, теңге алуды қазақтың бәрі бірдей неге біле бермейді?

– Құстың да бәрі бірдей емес, олардың да жердегіні аспаннан іле алмай қалбалақтап, сасқалақтап қалатындары аз емес. Қаймықтастан қалықтамай зуыл қағып аққан күйі келіп іле жөнелетін қырандар ғана. Қазақтардың ішінде де қалықтап қалбалақтайтын жағалтайы да, самғап келіп ілетін, қасқайып қайта көтерілетін қыраны да бар» (Ә. Әбішев «Найзағай»).

Құсбегілік — қазақтың тектілігін, жігіттердің серілігін, жүректілігін көрсететін өнер. Ата кәсібіміз бен салт-дәстүрімізді ұрпақтан ұрпаққа жалғайтын халқымыздың төл өнерін ЮНЕСКО ұйымы адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізген (Аддис-Абеба қаласы, Эфиопия, 28.11-02.12.2016) [12, 58]. Академик Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде құсқа қатысты атаулардың жалпы тізімінің өзінде 389 тілдік бірлік келтірілген, солардың әрқайсысы өз ішінен бірнеше түрге жіктеледі. Сөздікте олардың әрбіріне жеке түсіндірме берілген [13, 61]. Осылайша, қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында ерекше орын алатын құс атауларының басым бөлігіне қатысты қызықты мәліметтерге этнолингвистикалық сөздіктің алпыс беті арналған. Мұның өзі қазақтардың тұрмысы табиғатпен етене жақын болғанын, адам өмірі мен құстар тіршілігі арасындағы тығыз байланысты айғақтай түседі.

Қазіргі антропоэлекті парадигма шеңберінде қарастырсақ, құс атаулары «ғалам бейнесі» ұғымы негізінде зерттеледі. Адамтану бағытында дамып жатқан заманауи зерттеулерде бұл термин этностың құндылықтар жүйесіне қатысты көзқарастары жиынтығын білдіреді, дүниетанымынан хабар береді. Бұл мәселе — енді бөлек тақырып.

Тіл білімінде сөз мағынасына толық лексика-семантикалық талдау жасау сөздің үш өлшемін қамтиды. Бір мағыналы немесе көпмағыналы сөз семантикасының құрылымын анықтау эпидигматикалық талдау деп аталады және сөздің ішкі мәндік құрылымын ашады, оның лексика-семантикалық варианттарының арасындағы байланыстарды анықтайды, лексикалық мағынаның типтерін, мағыналар ауыспалылығын, лексика-семантикалық варианттардың семалық құрамын, олардың семалық өзара әрекеттестігі түрлері мен тәсілдерін айқындайды. Сонымен эпидигма дегеніміз — қазіргі тіліміздегі көпмағыналы сөздің тарихи тұрғыдан қалыптасқан, бір-бірінен туындайтын мағыналарының сатылы жиынтығы. Мысалы: *Құс 1*. Дене пішіні әртүрлі, қауырсынды, қанатты, екі аяқты, тұмсықты, көбіне ұшып жүріп тіршілік ететін жәндік. *Құс 2*. Сән үшін және қауырсынын, етін, жұмыртқасын пайдалану үшін қолда өсірілетін, ауланатын құс [14, 33] деген сияқты талдана береді. Саятшылардың айтуынша, жалпы құс атаулы біріне-бірі қарама-қайшы жаратылған екі үлкен топқа бөлінеді. Оның бірі — желбесін құстар, екіншісі — тұяқты құстар.

Желбесін құс — етін, жұмыртқасын жеп, мамық жүнін шаруаға жарататын пайдалы құстар тобы. Тұяқты құстар — жаратылысынан түйсігі мол, сезгіш болғандықтан, аңшылық кәсіпке ең керектісі саналған. *Бүркіт, қаршыға, сұңқар* сияқты қыран құстар осы топқа жатады. Халқымыз қанаттыларды қорегіне қарай етпен қоректенетін, яғни еті жеуге жарамсыз, аң-құс аулауда пайдаланылатын «*жыртқыш құстар*» (*қыран, бүркіт, кезқұйрық, жапалақ, үкі, қарға, т.б.*) және жем-шөппен қоректенетін, сондықтан еті жеуге жарамды саналатын «*адал құстар*», яғни *тауық, қаз, үйрек, күрке тауық* сияқты үй құстары немесе жабайы құстар деп бөлген. Сондай-ақ түркі халықтарының танымында киелі құстар ретінде орныққан: *аққу, көк кептер, бүркіт, үкі, қарлығаш* сияқты орнитонимдерге қатысты қызықты танымдық мәліметтерді түрлі аңыз, айтыс, әңгімелерден де кездестіруге болады. Мысалы, түрік ғалымы Serkan Köse *Үкі* орнитонимінің түркі мәдениетіндегі орнын аңыздар негізінде сипаттап, бай тілдік материал ұсынған. Бұдан бөлек, тілімізде құстың «ұшу//кону» әрекеттеріне қатысты түсінілетін «*бақыт құсы*», «*көңіл құсы*», «*арман құсы*» сияқты коннотаттық мағыналары бар. Олардың сөзжасамдағы қолданысы ассоциативті мәні арқылы қабылданады. «Құс» сөзінің қатысуымен жасалып, қалыптасқан тілдік бірліктерді бір семантикалық өріс шеңберінде қарастырсақ, оған мыналар жатады: *Арман құсы. Аузымен құс тістеген. Бақыт құсы. Басынан құс ұшырмады. Бейбітшілік құсы. Дәулет құсы. Жортқан /жүгірген/ аң, ұшқан құс атаулы. Жыл құсы. Ит жүгіртіп, құс салды. Көлінен құсы ұшты. Көңіл құсы. Қиял құсы. Құсың құтты болсын, т.б.* [15, 36]. Тізімді жалғастыра беруге болады. Құсқа қатысты фразеологизм, мақал-мәтел, әсіресе поэтикалық қолданыстар саны мұ-

нымен шектелмейді. Алайда мақсатымыз — олардың санын анықтау емес, мазмұнына үңіліп, мағыналық шеңберінің кеңеюі не тарылуы, яғни ауыспалы мәнде жұмсалуды сияқты құбылыстарға талдау жасау. Жалпы өзгеру, даму — тілдің табиғатына тән қасиет. Демек тіл-тілде сөз мағынасының да өркен жайып дамуы заңды. Бұл — тіл ұстанушының когнитивтік санасымен тығыз байланысты жүретін үдеріс. Сананың дамуына байланысты ұғым өрісі де ұлғаяды, ал ол сөз мағынасының дамуына әсер етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жыртқыш құс атауларына байланысты сөздердің стильдік қолданысы тіліміздегі лексикалық және грамматикалық заңдылықтардың сақталуына басты негіз болып табылады. Тіліміздегі құсбегілік кәсібінде қолданатын жыртқыш құс атауларына байланысты кездесетін тұрақты сөз тіркестер — басқа елдер (көбінесе батыс) тілдерінде аса ұшыраспайтын, тіпті кездеспейтін ерекше бір тілдік құбылыс. Ақын не жазушы болмасын шығармасында осы құс атауларына байланысты тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді қолдана отырып, өзінің ойын, өзіне тән дүниетанымын оқырман қауымға әсерлі етіп жеткізеді. Қыран құстардың қайталанбас ерлігі, дүниетанымымызға тән ерекшелігі — күнделікті өміріміздің айқын көрінісі: мінез-құлқымыз, іс-әрекетіміз, кәсібіміз т.б. Бұдан шығатын қорытынды:

- этнолингвистикалық зерттеу мәселелерін халықтың сан ғасырлық тәжірибесінен түзілетін аялық білімімен сабақтастықта қарастыру — ұлттық болмыс пен діл сипатының ерекшелігін анықтауда және түсіндіруде айрықша басымдыққа ие болады;
- халқымыз көшпелі тұрмысында жабайы құстарды аулау, қолға үйрету, бағып-баптау ісін ежелден меңгергендіктен, құсбегілік қазақ танымындағы айрықша маңызды өнер түрі ретінде саналған;
- қазақ тіліндегі құс атаулары қатысуымен жасалған фразеологизмдер, паремиялар аксиологиялық әлем бейнесін құраушы негізгі тілдік материал болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әлімбаев Р. Құстар тіршілігі / Р. Әлімбаев, Ж. Төреходжаев. — Алматы: Қайнар, 1972.
- 2 Ишкалова Г.И. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. — XX ғ. басы). Филол. д-ры (PhD) ... дисс. / Г.И. Ишкалова. — Алматы, 2023. — 185 б.
- 3 Сейтимова А.И. Жыртқыш құстарды қолға үйретуде қалыптасқан тілдік бірліктер / А.И. Сейтимова, Е.Е. Түйте // TILTANYM. — 2023. — № 2 (90). — Б. 211-220.
- 4 Қазақ мақал-мәтелдері. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 173 б.
- 5 Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы / Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. — 259 б.
- 6 Шанский Н.М. Современный русский язык / Н.М. Шанский, В.В. Иванов. — М.: Просвещение, 1987. — 191 с.
- 7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І. Кеңесбаев. — Алматы: Ғылым, 1977. — 711 б.
- 8 Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы / М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев. — Алматы: Дәуір, 2005. — 255 б.
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық / Жалпы редакциясын басқарған А. Ысқақов. — Алматы, 1961.
- 10 Ишкалова Г.И. Қазақ халқының тіршілікке жүйесіндегі аңшылықтың рөлі (XIX–XX ғ. басы) / Г.И. Ишкалова, А.Б. Қалыш // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. — 2022. — № 1. — Б. 80–88.
- 11 Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / Б. Кәмалашұлы. — Улаан-Баатар: Китаб ХХК, 2013. — 475 б.
- 12 Хинаятұлы Б. Саятшылық / Б. Хинаятұлы, Қ.М. Исабеков. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2007. — Б.11–13.
- 13 Екімыңжылдық дала жыры / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. — 752 б.
- 14 Сәдуақасұлы Ә. Ат баптау, құс салу, ит жүгірту / Ә. Сәдуақасұлы. — Алматы: Шартарап, 1998. — 128 б.
- 15 Ештаева Н.А. Қазақ және батыс тілдері / Н.А. Ештаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2017. — 361 б.

А.И. Сейтимова, Е.Е. Түйте, Б.А. Қалиев

Лексика казахского языка, связанная с обучением ловчих птиц охоте

В статье рассмотрены наименования слов, относящиеся к группе «Хищные птицы», употребляемые в прямом и переносном значениях, а также способы их образования. В языке функционирует достаточное количество устойчивых словосочетаний, пословиц, эпитетов, сравнений, которые появились в результате одомашнивания хищных птиц. Приведена тематическая классификация данной группы пословиц и поговорок, отражающая вопросы относительно страны, чести, единства, совести. Показана частотность употребления устойчивых словосочетаний, представляющих собой фразеологическую целостность, фразеологическую единицу, фразеологическую цепочку и их структурные особенности, место в обогащении словарного запаса. Кроме того, речь идет о том, что слова, относящиеся к названиям хищных птиц, стали языковой нормой, единым целым, приобрели символические свойства и стали предметом авторского употребления, стилистической деятельности, сфера применения которых изначально возникла из буквального значения, или из определенного авторского употребления, и со временем была заменена различными языковыми приемами, грамматически закрепились, речь говорящего стала художественным инструментом. На примерах художественного произведения показана цель их употребления.

Ключевые слова: хищные птицы, беркут, сокол, сокол-балобан, птицеводство, казах, кочевник, пословицы и поговорки, фразеологизм, понятие, переносное значение, символ, эпитет, сравнение.

A.I. Seitimova, Ye.Ye. Tuyte, B.A. Kaliyev

Kazakh vocabulary associated with training birds of prey for hunting

The article discusses the names related to the group “birds of prey”, which are used in direct and indirect meanings, as well as the ways of their formation. The language has a significant quantity of collocations, proverbs, epithets, comparisons which appeared as a result of the domestication of wild birds. Not only the subject classification of this group of proverbs and sayings is given in the following work, reflecting questions concerning the country, valor, unity, and conscience, but also the usage of collocations representing phraseological integrity, phraseological unit, phraseological chain and their structural features, and its place in the vocabulary enrichment. Besides, the following work states the fact that the words related to the names of birds of prey have become a linguistic norm, a single unity, have acquired symbolic properties and have become the subject of author's usage, stylistic activity; the scope of which originally arose from a literal meaning, or from a certain author's usage, and over time has been replaced by various linguistic techniques, thus grammatically fixed, the speaker's speech has become an artistic tool. Fiction and imaginative writing are bright examples where the purpose of their usage is shown.

Keywords: birds of prey, golden eagle, falcon, saker falcon, birding, Kazakh, nomad, proverbs and sayings, phraseology, concept, figurative meaning, symbol, epithet, comparison.

Referenses:

- 1 Alimbaev, P., & Torekhodzhaev, J. (1972). Qustar tirshiligi [Bird life]. Almaty: Qainar [in Kazakh].
- 2 Ishkalova, G.I. (2023). Qazaq khalqynyn dasturli anshylygy: tarikhi-etnologialyq zertteu [Traditional hunting of the Kazakh people: historical and ethnological research]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Seitimova, A.I., & Tuite, Y.Y. (2023). Zhyrtqysh qustardy qolga uiretude qalyptasqan tildik birlikter [Linguistic unities formed in connection with the reflection of the predatory bird domestication process]. Almaty [in Kazakh].
- 4 (1993). Qazaq maqal-matelder [Kazakh proverbs]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 5 Qaliev, G., & Bolganbaev, A. (2006). Qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the Kazakh language]. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].
- 6 Shanski, N.M., & Ivanov, V.V. (1987). Sovremenniy russkii yazyk [Modern Russian language]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 7 Kenesbaev, I. (1977). Qazaq tilinin frazeologialyq sozdigi [Phraseological dictionary of Kazakh language]. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 8 Balaqaeve, M., Tomanov, M., Zhanpeisov, Ye., & Manasbaev, B. (2005). Qazaq tilinin stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 9 Iskakov, A. (Ed.). (1961). Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].

- 10 Ishkalova, G.I., & Kalysh, A.B. (2022). Qazaq khalqynyn tirshilik qamy zhuiesindegi anshylyqtyn roli [The Role of Hunting in the Subsistence System of the Kazakh (XIXth – early XXth Centuries)]. *Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriasy — Bulletin of the Kazakh National University. The series is historical*, 1, 80–88 [in Kazakh].
- 11 Kamalashyly, B. (2013). Qazaq khalqynyn salt-dastyrleri [Traditions of the Kazakh people]. Ulaan-Baatar: Kitab KhKhK [in Kazakh].
- 12 Khinayatyly, B., & Isabekov, K.M. (2007). Sayatshylyq [Hunter]. Almaty: “Almatykitap” ZhShS [in Kazakh].
- 13 Nysanbayev, A. (Ed.). (2000). Ekimynzhlydyq dala zhyry [A two millennia of Steppe song]. Almaty: Qazaq entsiklopediasy [in Kazakh].
- 14 Saduaqasuly, A. (1998). At baptau, qus salu, it zhugirtu [Grooming a horse, hunting with a hunting bird, dog hunting]. Almaty: Shartarap [in Kazakh].
- 15 Eshtaeva, N.A. (2017). Qazaq zhane batys tilderi [Kazakh and Western languages]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].

Information about the authors

Seitimova, Aidana Ibraimqyzy — Doctoral student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: seitimova_a@mail.ru;

Tuite, Yeldos Yergazyuly — Assoc. Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: eldos_t_e@mail.ru;

Kaliyev, Bektursyn Amankulovich — Assoc. Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: Kaliyev-69@mail.ru.